



Аксу өңірі

Қоғамдық - саяси, әлеуметтік - экономикалық газет

Газет 1934 жылғы
1 қазаннан шығады

№23 (10 329)

19 маусым

жұма

2026 жыл

aksuoniri@mail.ru

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАУІПСІЗДІК КЕҢЕСІНІҢ ОТЫРЫСЫН ӨТКІЗДІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен өткен Қауіпсіздік Кеңесінің отырысында Үкімет мүшелері ғарыш саласының қазіргі жай-күйі, іске асырылып жатқан жобалар және даму перспективасы туралы баяндады.

Мемлекет басшысы саланың стратегиялық мәнін атап өтіп, спутниктік байланыс пен ғарыш инфрақұрылымының орнықты жұмыс істеуін қамтамасыз етуге ерекше назар аударды.

Премьер-министрдің орынбасары – Жасанды интеллект және цифрлық даму министрі Жаслан Мәдиев экономика мен мемлекеттік басқарудың игілігі үшін спутниктік жүйелерді дамытуға, ғарыш инфрақұрылымын жетілдіруге, сондай-ақ, ғарыш деректеріне негізделген қолданбалы шешімдерді енгізуге бағытталған негізгі жобаларды жүзеге асыру жөнінде мәлімет берді.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, жаһандық ғарыш секторы түбегейлі өзгерді. Бұл сала тек ірі державалардың «жабық клубына» тиесілі болған дәуір артта қалды. Бүгінде жеке компаниялар байланыс, хабар тарату, навига-



ция, ғарыш мониторингі, ғылыми зерттеулер және интернетпен қамтамасыз ету секілді қолданбалы бағыттарды белсенді түрде дамытып келеді.

Бұдан бөлек, ғарышты игеру ғылымын ілгерілету мәселелері қаралды. Әсіресе, ғылыми зерттеулерге, соның ішінде астрофизикаға қолдау көрсету қажеттігі атап өтілді. Ұлттық технологиялық және инженерлік әлеуетті нығайтудың маңызды кезеңі саналған «Бейтерек» жобасын іске асыру барысы оң бағаланды.

Сондай-ақ, Мемлекет басшысы халықаралық ынтымақтастық перспективасына тоқталып, Ресей Федерациясымен және басқа да шетелдік серіктестермен стратегиялық ықпалдастықты дамыту қажет екенін айтты. Байқоңыр қаласы мен оған жақын аудандарда тұратын азаматтардың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын жақсартуға мән берілді.

Президент Үкіметке ғарыш саласын жаңғыртуды және оның әлеуетін мемлекет мүддесіне тиімді пайдалануды көздейтін бірқатар нақты тапсырма берді.

ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАЛАРЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ:

ҮКІМЕТТЕ ТЕМІРЖОЛ САЛАСЫН ДАМУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ҚАРАЛДЫ

Премьер - министр Олжас Бектеновтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында теміржол саласын дамыту мәселелері қаралды. Жиында көлік министрі Сауранбаев Нұрлан, өнеркәсіп және құрылыс министрі Ерсайын Нағаспаев, «Қазақстан темір жолы» басқарма төрағасы Талғат Алдыбергенов, сондай-ақ, Маңғыстау, Ақтөбе, Атырау Қарағанды, Абай және Жетісу облыстарының әкімдері баяндама жасады.

Олжас Бектенов Мемлекет басшысы еліміздің көлік-логистикалық әлеуетін нығайтудың кілті саналатын теміржол саласы мен инфрақұрылымын дамытуға ерекше көңіл бөліп отырғанын атап өтті.

«Мемлекет басшысы еліміздің теміржол желілерін барынша дамыту – айрықша маңызды міндет екенін атап өтті. Жаңа теміржол желілерін салу, вагондар мен локомотивтер паркін жаңарту, қолданыстағы жолдарды жаңғырту және вокзалдарды реконструкциялау бағытында ауқымды жұмыс атқарылып жатыр. Президенттің тікелей тапсырмасы бойынша биыл бірқатар ірі инфрақұрылымдық жобаны аяқтау жоспарлануда», — деп атап өтті Премьер - министр.

Биыл аяқталатын жобалар қатарында «Дарбаза – Мақтаарал», «Мойынты – Қызылжар» жолдары бар. Премьер-министрдің тапсырмасы бойынша аталған желілер бойынша қозғалыс қараша айында іске қосылады, бұл транзиттік тасымал көлемін биыл 55 млн тоннаға дейін арттыруға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар Үкімет жүзеге асырылып жатқан жобалармен ғана шектелмей, теміржол инфрақұрылымын дамытудың келесі кезеңін дайындауға кіріседі. Көлік



министрлігі, «Самұрық-Қазына» қоры мен «Қазақстан темір жолы» компаниясы келешегі зор инфрақұрылымдық барлық жоба бойынша қаржыландыру көздерін айқындай отырып, техникалық құжаттама әзірлеуі тиіс.

Сондай-ақ, мемлекетаралық өткізу пункттері тораптары кеңейту экспорттық және транзиттік бағыттағы жүк тасымалын арттыруға мүмкіндік беретіні атап өтілді. Осыған байланысты Премьер-министр көршілес елдердің теміржол әкімшіліктерімен бірлескен шешімдер әзірлеу үшін тұрақты жұмыс жүргізуді тапсырды.

Сонымен қарат теміржол вокзалдарын жаңғырту мен реконструк-

циялау жұмыстарын уақтылы аяқтау мәселесі қаралды. Премьер-министрдің тапсырмасы бойынша әкімдер нысандарды жаңғырту барысын әр апта сайын тікелей өздері бақылап, бекітілген кесте мен жұмыс сапасын қамтамасыз етуі керек.

Туындаған мәселелер бірден шешімін табуы тиіс. Қайта жаңартылған 30 вокзал 1 шілдеге қарай алғашқы жолаушыларды қабылдауын қамтамасыз етіп, Астана, Алматы және Түркістанның тарихи вокзалдарындағы реставрациялау жұмыстарынан басқа, қалған вокзалдар бойынша жұмыстар 1 қазанға қарай аяқтау жоспарлануда.

Отырыс қорытындысы бойынша Премьер-министр мемлекеттік органдар мен мүдделі ұйымдарға бірқатар тапсырма берді:

Бірінші. Вагондар мен локомотивтер паркін жаңарту жоспарларын айқындалды. Инфрақұрылымды одан әрі дамыту қажет. Осы орайда, жүк ағындарын Қазақстан аумағы арқылы қайта бағыттауға мүмкіндік беретін халықаралық терминал желісін кеңейту қажеттігі атап өтілді.

Көлік министрлігі «Қазақстан темір жолы» компаниясымен бірлесіп, 2027 жылдың 1 шілдесіне дейін Астана қаласында, сондай-ақ, шетелдік Алят, Свислочь және Селятино қалаларында терминал

желісін жүзеге асыруды аяқтауға тиіс. Бұдан бөлек Будапешт, Чэнду және Констанца қалаларында жүзеге асыруға кірісу қажет.

Екіншісі. Олжас Бектенов жолаушылар тарапынан вагондардың жай - күйіне қатысты айтылып жүрген шағымдарға жеке тоқталып, Өнеркәсіп министрлігіне «ҚТЖ» және Stadler компаниясымен бірлесіп, барлық техникалық қауіпсіздік талаптарын сақтай отырып, жолаушылар вагондарын қысқа мерзімде жеткізуді қамтамасыз етуді тапсырды.

Осы жылдың соңына дейін теміржол желісіне 215 жаңа локомотив және шамамен 1,5 мың жүк және жолаушы вагоны шығарылады. Сонымен қатар, 1 қыркүйекке дейін отандық өндірістегі 13 мың жүк вагоны мен 500 жолаушы вагонын сатып алудың бесжылдық бағдарламасы бекітіледі.

Үшіншісі. Цифрландыру мен жасанды интеллект теміржол көлігін дамытудың негізгі құралдарына айналуға: жетекші елдер оларды пойыз қозғалысын дәл жоспарлау, тоқтап қалуды азайту және желі тиімділігін арттыру үшін пайдалануда. Осыған байланысты Көлік министрлігіне «Қазақстан темір жолы» компаниясымен бірлесіп, жыл соңына дейін көлік-логистикалық тізбекті нақты уақыт режимінде басқаруға мүмкіндік беретін бірыңғай цифрлық деректер базасын құру жөнінде шаралар қабылдау тапсырылды.

Министрлік сондай-ақ, темір-жол көлігіндегі қызмет сапасын арттыруға, транзиттік тасымалдарды ұлғайтуға және экспорттық жүк ағындарын көбейтуге басымдық бермек. Сала дамуына қатысты шешімдер Қазақстан экономикасының ұзақ мерзімді қажеттіліктерін ескере отырып, проактивті түрде қабылданатын болады.

Жалпы үйлестіру Премьер-министрдің бірінші орынбасары Нұрлыбек Нәлібаевқа жүктелді.

ТУРИЗМ

ЖЕТІСУДА БАЛҚАШ ЖАҒАЛАУЫНДА ОСЫ
ЖАЗДА ЕКІ КОММУНАЛДЫҚ ЖАҒАЖАЙ
ҚОЛДАНЫСҚА БЕРІЛЕДІ

Жетісу облысында Балқаш көлінің жағалауындағы инфрақұрылымды дамыту жұмыстары жалғасуда. Жағалауда үш коммуналдық қоғамдық жағажай салынады, оның екеуін осы жазда пайдалануға беру жоспарланған. Бір мезетте шамамен үш мың адам демала алатын алғашқы жағажай шілде айында пайдалануға берілуі тиіс. Ондағы құрылыс жұмыстарының барысымен Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаев Сарқан ауданына жасаған жұмыс сапарында танысты, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Коммуналдық жағажайлардың құрылысын жүргізіп жатқан мердігер ұйым өкілдерімен құрылыс барысын талқылаған өңір басшысы бұл жобаның жүзеге асырылуы көл жағалауындағы туризмді дамытуға бағытталған жүйелі жұмыстың маңызды кезеңі екенін атап өтті.

Мемлекет басшысының тапсырмасын іске асыру мақсатында Балқаш көлінің жағалауындағы туризмді дамыту бағытында бірқатар шаралар қабылдадық. Алдымен бас жоспар мен егжей-тегжейлі жоспарлау жобасы бекітілді. Одан кейін көлге көлікпен жетуге жағдай жасау мен жағалау инфрақұрылымын дамытуға қатысты бірқатар мәселелер шешілді. Мұнан соң коммуналдық қоғамдық жағажайлардың құрылысы қолға алынды. Бұл жобада суға түсуге қолайлы жағдай жасалған және демалуға арналған арнайы аймақтармен жабдықталған, абаттандырылған жағалау желісін қалыптастыру қарастырылған. Қазіргі кезде осындай үш жағажай салу жоспарланып отыр. Оның біріншісі шілде айының алғашқы онкүндігінде пайдалануға беріледі, екіншісі - тамыз айында. Үшінші жағажайдың құрылысы биыл

басталып, келесі жылдың шомылу маусымы басталғанға дейін аяқталады деп жоспарланып отыр. Бұл коммуналдық жағажайлар халық үшін қолжетімді, жайлы әрі қауіпсіз демалысты ұйымдастыру мақсатында салынып жатыр, - деп атап өтті Б.Исабаев.

Еске салсақ, аталған жобаны табысты жүзеге асыру үшін көлге дейінгі 137 шақырым жол қайта жаңғыртылып, пайдалануға берілді. Қазіргі уақытта жол бойындағы инфрақұрылымды дамыту жұмыстары жалғасуда. Атап айтқанда, санитарлық тораптар орнатылып, демалыс орындары мен қоқыс контейнерлері орналастырылуда. Сондай-ақ, кондиционерлермен және сумен жабдықтау жүйесімен жабдықталған бірнеше жылы санитарлық торап салу жоспарланған. Сонымен қатар Лепсі ауылына кіреберісте 10-нан астам көлікке арналған тұрақ алаңы ұйымдастырылған. Мұнда шағын фуд-аймақ орналастыру көзделген. Қазіргі кезде ана мен бала бөлмесі және басқа да қажетті қызметтік бөлмелері бар жылы дәретхананың құрылысы жүргізілуде. Бұл шаралардың барлығы туристер үшін қолайлы жағдай жасап, Балқаш жағалауына келушілердің жайлы демалуына мүмкіндік беруге бағытталған.

Сонымен қатар ұзындығы 9,3 шақырым болатын жағалау бойындағы автожолдың құрылысы да аяқталуға жақын. Лепсі ауылынан көл жағалауына дейін электрмен және сумен жабдықтау желілері тартылды. Жағалауда 32 шақырым су құбыры, 49 шақырым электрмен жабдықтау желілері және 16 шақырым кәріз жүйесі салынды. Бұдан бөлек, кәріз-тазарту құрылысы салынуда. Жағалаудың санитарлық жағдайын жақсарту үшін «Балқаш Тазалық» коммуналдық кәсіпорны құрылды. Осылайша, Балқаш көлінің жағалауындағы туристік инфрақұрылымды да-

мыту бағытында қысқа мерзім ішінде ауқымды жұмыстар атқарылды.

Үш коммуналдық жағажай - бұл үлкен бастаманың алғашқы қадамы. Егер қажеттілік туындап, туристер легі көбейсе, қоғамдық жағажайлардың санын кезең - кезеңімен арттыра береміз. Сонымен қатар жеке инвесторлар мен кәсіпкерлер заманауи демалыс базаларын, демалыс аймақтарын, фуд-корттар және басқа да туристік нысандар салуға тартылуда. Жалпы алғанда, алдағы 3-5 жыл ішінде Балқаш көлінің жағалауында Алакөлден кем түспейтін, тіпті одан да қолайлы демалыс жағдайлары жасалады. Өйткені, көл жағалауында ретсіз құрылысқа жол берілмейді, - деді облыс әкімі.

Сонымен қатар жалпы аумағы шамамен 7 гектарды құрайтын алғашқы қоғамдық жағажайда 500 автокөлікке арналған үлкен автотұрақ, футбол және волейбол алаңдары, воркаут алаңы, балалар ойын алаңы, беседкалар, орындықтар, санитарлық тораптар, қоқыс жәшіктері, душ кабиналары, киім ауыстыратын орындар, ауысу субұрқақтары, күнқағарлар мен шезлонгтар, құтқару мұнарасы және түрлі шағын сәулеттік нысандар орналастырылады. Сондай-ақ, арнайы фуд-аймақ қарастырылған. Бұдан бөлек, әкімшілік ғимарат салынып, онда полиция мен төтенше жағдайлар қызметінің бекеттері, медициналық пункт, сондай-ақ, ана мен бала бөлмесі жұмыс істейтін болады.

Балқаш жағалауындағы игі бастамаларға қатысты демалушылар да пікір білдірді. Солардың бірі - талдықорғандық Абылай Махмет:


Қазір Балқаш көліне жету өте ыңғайлы болды. Біз мұнда небәрі бір жарым сағатта жеттік. Жолдың сапасы өте жақсы. Жалпы, мен үшін өз өңірімізде демалған қызық. Жетісудың табиғаты өте көркем әрі алуан түрлі. Өрине, инфрақұрылымның дамып, демалушылар үшін қолайлы жағдайлар жасалып жатқанына қуанамыз. Балқаш жағалауының да абаттандырылып, жаңа, әдемі әрі заманауи келбетке ие болатыны туралы жаңалықты естіп білдік. Мұның бәрі халық үшін жасалып жатыр, бұл өте қуанышты жағдай, - деді ол.

Сарқан ауданы әкімдігінің мәліметінше, Балқаш жағалауындағы инфрақұрылымды дамыту жұмыстары қазірдің өзінде мультипликативтік әсер беруде. Жаңа жұмыс орындары ашылып, аудан экономикасына инвестиция тартылуда. Мысалы, қызықты деректердің бірі - Лепсі ауылында жеке инвестордың қаржысы есебінен ауылдағы алғашқы қонақүй салынып жатыр.

Жалпы алғанда, өңірде қабилданып жатқан шаралардың нәтижесінде алдағы жылдары Балқаш көлі туристерді тартатын негізгі орталықтардың біріне айналады деп күтілуде. Қазіргі таңда маусым кезінде көл жағалауында 50 мыңнан астам адам демалады. Алайда, жоспарланған инфрақұрылымдық жобалар толық жүзеге асқаннан кейін мұнда жыл сайын 450 мыңнан астам адамның демалуына мүмкіндік туады.

**ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ
ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ
ҚЫЗМЕТІ.**

**Фотографтар:
Жұмабай МҰСАБЕКОВ,
Қанат БАЙДРАҚЫМОВ.**

Бейбіт Исабаев Текелі қаласының
әкіміне биыл "Серкесай" экопаркін
құру жұмыстарын бастауды тапсырды

Жетісу облысында үш экопарк ашу жоспарланған. Соның бірі Текелі қаласында құрылады. Осыған байланысты облыс әкімі Бейбіт Исабаев қала әкіміне жалпы аумағы 21 гектарды құрайтын «Серкесай» экопаркін құру жұмыстарын ағымдағы жылы бастауды тапсырды. Бұл туралы облыс әкімі Бейбіт Исабаевтың Текелі қаласының тұрғындарымен кездесуінде айтылды, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Белгілі болғандай, алдын ала жоспар бойынша экопаркте фотоаймақ, серуендеу аймағы жасалады, орындықтар, бағыттау белгілері, санитарлық тораптар қойылады және басқа да абаттандыру жұмыстары атқарылады. Бұл ретте облыс әкімі паркті абаттандыруда бірыңғай стильдің сақталуына назар аудару қажеттігін айтты.

Атап өтсек, бүгінде Текелі қаласында 22 туристік нысан жұмыс істейді. Өткен жылы ішкі туризм аясында 19,8



Текелі қаласының табиғи-рекреациялық әлеуеті туризмді дамытуға зор мүмкіндік береді. Президент тапсырмаларын орындау аясында біз тарапымыздан барлық қажетті қолдау көрсетілуде. Атап айтқанда, дербес туризм бөлімі ашылды. Енді осы бағытта нақты шаралар қабылдануы тиіс. Заманауи талаптарға сай жаңа қонақ үйлер мен демалыс орындарын салу керек. Сонымен қатар экологиялық туризмді дамыту аясында «Серкесай» экопаркін құрудың жобалық-сметалық құжаттамасын және өзге де қажетті құжаттарды әзірлеп, биыл бастау керек. Жалпы, туристік бағытты жандандыру арқылы қала экономикасының өсімін қамтамасыз етуді тапсырамын, - деген Б.Исабаев Текелі қаласының әкімі А.Әділге туризм саласын дамыту мәселесін жеке бақылауына алуды міндеттеді.

мың келушіге жалпы сомасы 570 млн. теңгенің туристік қызметтері көрсетілді. Ал, биыл қалаға шамамен 24 мың турист келеді деп күтілуде. Жеке инвестициялар есебінен бірнеше ірі жоба жүзеге асырылуда. Атап айтқанда, 50 коттедждің құрылысы басталып, сақ моншалары, ойын - сауық кешені және бірқатар қонақ үйлер пайдалануға берілді. Сонымен қатар қосымша жоба аясында глэмпингтер мен демалыс аймақтарын орналастыру көзделіп отыр.

**ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ
ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ
ҚЫЗМЕТІ.**

**Фотограф:
Дмитрий ЕРОФЕЕВ,
Жеңіс ЫСҚАБАЙ,
сол сияқты фотосуреттер облыс әкімі баспасөз қызметінің архивінен алынды.**

BALQASH

БЕДЕЛІ БИІК ҚОС МЕРЕКЕ

23 МАУСЫМ - ПОЛИЦИЯ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІ!

23 МАУСЫМ - ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕР КҮНІ!

ҚҰРМЕТТІ ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ!

Аудан әкімі Тынышбаев Берік **ТЫНЫШБАЙҰЛЫНЫҢ** және аудандық Мәслихат төрағасы Бейбіт Жаңылысұлы **СҮЛЕЙМЕНОВТЫҢ** мерекелік **ҚҰТТЫҚТАУЫ**



Туған елінің тыныштығы үшін табанды еңбек етіп жүрген ішкі істер органдарының барлық қызметкерлері мен ардагерлерін кәсіби мерекесімен құттықтаймыз!

Бұл мереке күндіз - түні, ыстық пен суықта тұрғындардың тыныштығын сақтау мен қорғау жолында қалтқысыз қызмет етіп келе жатқан сақшылардың төл мерекесі. Ішкі істер органдары - мемлекеттік биліктің қоғамда құқық тәртібін, азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін маңызды құрылымдарының бірі. Сақшылардың кәсіби қызметі зор жауапкершілігімен, тәуекелге бел бууымен ерекше құнды. Қазақстан дербес мемлекет болып, тәуелсіздігін жариялаған сәттен бастап оның тыныштығын қорғауға берік ден қойылып келеді. Осынау қырағы мамандықты таңдаған жастар да елінің алдындағы борышын сезінетіні сөзсіз.

Құрметті ішкі істер органдарының ардагерлері, тәртіп сақшылары, ішкі істер органдарының қызметкерлері.

Сіздерді «23 маусым – Қазақстан поли-

циясы күні!» мерекесімен құттықтаймыз. Қоғамдық тәртіпті қалыптастыру, ел тыныштығын қорғау жолындағы қажырлы еңбектеріңізге сәттілік тілейміз.

Әрдайым анттарыңызға адал болып, ел қорғаны деген атаққа абыройлы қызмет ете беріңіздер!

Өз қызметтік міндетін атқаруға адалдық танытып, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ететін, халық арасында сақтық жұмысын жүргізетін, азаматтардың тыныштығын, заңдылық пен құқық тәртібін қорғайтын білікті мамандарыңыздың қатары көбейе берсін.

Еліміздің қорғандары – полиция қызметкерлерінің еңбектеріне табыс, қызметтеріне сәттілік пен абырой тілейміз. Халқымыздың амандығын сақтау мен Отанымыздың өркендеуіне қосып жатқан үлестеріңіз аз емес.

Еліміз тыныш, халқымыз аман, бауырымыз бүтін, бірлігіміз бекем, тәуелсіздігіміз тұғырлы болсын. Қазақстан Республикасының өркендеуі жолында табысты қызмет ете берулеріңізге тілектеспіз.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ - МӘРТЕБЕЛІ МІНДЕТ

Аудан әкімі Тынышбаев Берік **ТЫНЫШБАЙҰЛЫНЫҢ** және аудандық Мәслихат төрағасы Бейбіт Жаңылысұлы **СҮЛЕЙМЕНОВТЫҢ** мерекелік **ҚҰТТЫҚТАУЫ**



Құрметті мемлекеттік қызметшілер! Сіздерді 23 маусым Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызметшілер күнімен шын жүректен құттықтаймыз! Әрбір өркениеттің өріне қадам бастаған мемлекеттің ең басты тірегі, оның идеясы мен саясатын алға апарушы мемлекеттік қызметкер болып табылады.

Өйткені, мемлекеттік қызметші – биліктің бейнесін танытып, іскерлік қабілетін көрсететін тұлға, мемлекеттік саясатты алға жылжытатын қозғаушы күш. Мемлекеттік басқарусыз кез - келген қоғамның бірлігі бекемделіп, әлеуеті артып, тұрақты дамудың даңғыл жолына түсуі мүмкін емес. Осыдан-ақ мемлекеттік қызметтің жауапкершілігі мол, ауыр да, абыройлы міндет екенін айқын аңғаруға болады. Мемлекет мүддесін биік қойып, асқақ мұраттарға жету жолында адал қызмет ету – әрбір азаматтың парызы. Осы орайда, мемлекеттік қызметшіге қойылар жауаптылық та, талап та өте жоғары. Белгіленген мемлекеттік қызметтің жауапкершіліктерін абыроймен атқару —

біздің басты міндетіміз. «Жұртың үшін аянба – азаматтығыңа сын», - дейді дана халқымыз. Қай кезеңде де атқа мінер азаматтың абыройы халқына қалтқысыз қызмет етіп, елінің игілігі жолында толассыз төккен терімен өлшеніп отырғаны белгілі. Тәуелсіз Отанымыздың тұғырын биіктетіп, ел ертеңінің еңселі болуына мемлекеттік қызметшілердің қосар үлесі орасан зор екені сөзсіз. Халыққа қызмет көрсетіп, мұң-мұқтажын тыңдап, мәселелерімен айналысып, шешімін тауып, алғысын алудан артық дүние жоқтығын мемлекеттік қызметші жақсы түсіну керек.

Халық сеніміне селкеу түсірмеу – әрбір мемлекеттік қызметшінің басты міндеті. Біз мұны ешқашан ұмытпауымыз керек. Ақсу ауданының өркендеуі жолында ерен еңбек сіңіріп жүрген барлық мемлекеттік қызметшілерге зор денсаулық, қажымас қайрат, отбасыларына бақ - береке тілеймін! Еліміздің жарқын болашағы жолында атқарып жатқан жұмыстарыңыз жемісті болсын!

АҚСУ ЖҰЛДЫЗДАРЫ - ЕЛ БОЛАШАҒЫҢЫҢ ЖАРҚЫН БЕЙНЕСІ



биік белестерді бағындырып, еліміздің дамуына үлес қосатын азамат болып қалыптасуларыңызға тілектеспін, – деді.

Сонымен қатар аудандық білім бөлімінің басшысы Нұрлан Тұрсынмамедұлы Нүсіпбеков дарынды оқушыларды құттықтап, аудан көлемінде білім сапа-

сын арттыру бағытында жүйелі жұмыстар жүргізіліп жатқанын жеткізді. Ол бүгінгі жеңімпаздардың жетістігі кейінгі буынға үлгі екенін айтып, жастарды білімге ұмтылуға шақырды.

Жиын барысында аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы, Ақсу ауданының

"Құрметті азаматы", саналы ғұмырын ұстаздық қызметке арнаған зейнеткер педагог Амангелді Айтбаев та сөз алып, жас ұрпаққа ақ батасын берді. Ардагер - ұстаз білімнің адам өміріндегі маңызына тоқталып, ел болашағы білімді жастардың қолында екенін ерекше атап өтті.

Марапаттау рәсімінің ең әсерлі сәттерінің бірі – үздік оқушыларға бағалы сыйлықтардың табысталуы болды. Жеңімпаздарға арнайы дипломдар мен алғыс хаттар беріліп қана қоймай, олардың еңбегін ынталандыру мақсатында скейдбордтар мен велосипедтер сыйға тартылды. Бұл жас дарындарға көрсетілген үлкен құрмет пен қолдаудың айқын көрінісі болды.

Шара барысында оқушылардың қуанышы мен толқынысы жүздерінен анық байқалды. Өздерінің жетістіктері бағаланып, көпшілік алдында марапатталуы олардың алдағы уақытта жаңа белестерді бағындыруға деген жігерін арттыра түсті.

«Ақсу жұлдыздары» салтанатты рәсімі – ауданымыздағы талантты жастарды қолдау мен ынталандырудың жарқын үлгісі. Мұндай игі бастамалар өскелең ұрпақтың ғылымға, білімге, өнер мен спортқа деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардың үлкен армандарға ұмтылуына жол ашады.

Бүгінгі марапат иелері – ертеңгі ел тізгінін ұстайтын, Қазақстанның дамуына үлес қосатын білікті мамандар мен көшбасшылар. Сондықтан жас таланттарды қолдау – болашаққа салынған ең маңызды инвестиция.

Ақсу аспанында жарқыраған бүгінгі «Ақсу жұлдыздары» алдағы уақытта да өз нұрын шашып, ауданымыздың ғана емес, тәуелсіз Қазақстанның абыройын асқақтата беретіні сөзсіз.

Ербол СЫМХАНОВ.

Ана тілім – ардақтым,
Ана тілің – арың бұл.
Ұятың боп тұр бетте,
Өзге тілдің бәрі біл,
Өз тіліңді құрметте!

Қ.МЫРЗАЛИЕВ.

● "МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ ЖӘНЕ БАҚ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАЙҚАУЫНА!

"ТІЛ ТАҒДЫРЫ - ЕЛ ТАҒДЫРЫ" ЕКЕНІН ЕШ УАҚЫТТА ҰМЫТПАЙЫҚ!



біртұтас етіп бүгінгі таңға дейін сақтап келген ұлы құбылыс – ана тілі. Менің ұлттым болса – күннен күнге гүлденіп бара жатқан қазақ ұлты, біздің ана тіліміз қазақ тілі. Егер, Қазақстан "Мәңгілік Ел" деген мұратына қол жеткізгісі келсе, өз тілін, салтын өмір бойы сақтауы керек. Себебі, тіл жай сөз емес, өмірдің талай сынынан өткен, өскелең талаптарға сәйкес өрістей түскен толыққанды ақиқат десек, жаңыла қоймаспыз. Тісіз қоғамның қандай түрі болса да өмір сүре алмақшы емес, ол тілдің өзі қоғам бар жерде ғана пайда болып өмір сүреді. Сол себептен де, қазақтың пәк абыройын, жігерін, қандай ел екенін бүкіл дүниежүзіне жария етейін десек, қазақ тілімізді құрметтеп, сол арқылы алға жылжуымыз жөн. Жалпы қазақ тілі –

өте бай тілдердің бірі. Мыңдаған әдеби шығармаларымыз, жыр – өлеңдеріміз бар. Біз үшін, ана тіліміз халықтың өткені, бүгінгісі, болашағы. Тіл жойылса, ұлт жойылады. Сондықтан да халықтың тәуелсіздігінің ең басты белгісі – оның ана тілі, ұлттық мәдениеті. Тіл – атадан балаға мирас болып қалып отыратын баға жетпес мұра, еліміздің бүкіл тарихы, іргетасы да. «Ұлттың қуанышы тілінде», деген мақалды бекер айтпаған шығар... Бүгінгі қазақ тілінің тағдыр мен болашағы Елбасын аз толғандырып жүрген жоқ. Сондықтан да болар Елбасының «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде», «Ана тілі – бәріміздің анамыз, өйткені, ол – ұлтымыздың тілі», деген сөзі бар. Ал, кейінгі 2005 жылғы Жолдауында айтылған «Біз барша қазақстандықтарды біріктіруші басшы факторлардың бірі – еліміздің мемлекеттік тілін, барлық қазақтардың ана тілін одан әрі дамытуға бар күш – жігерімізді жұмсауымыз керек», – деген уәжінде қазақ тілінің Қазақстан халықтарының басын біріктіруші ұйытқы болуын көздеп отыр және де "Мәңгілік Ел" идеясын жүзеге асыру үшін, тілімізді толық меңгеріп, еліміз күн сайын барлық бағытта кемелденуде. Қазіргі уақытта әлі де болса тіл халық санасына толығымен сіңбеген.

Бұндайға жол жоқ! Сондықтан біз, жас ұрпақ, оның қарқынды дамуына елдің сана – сезіміне махаббатпен сіңуіне аянбай өз үлесімізді қосуға тиіспіз. Ол – мәңгілік парыз. Халық тәуелсіздігінің ең басты белгісі – оның ана тілі, ұлттық мәдениеті. Өзінің ана тілі, ұлттық мәдениеті жоқ ел өз алдына мемлекет болып өмір сүре алмайды. Дүниедегі барлық халық тәуелсіздікке ұлттық қадір-қасиетін, мәдениетін, ана тілін сақтап қалу үшін ұмтылады. Сондықтан кез – келген мемлекет өзінің аумақтық салт-дәстүрін, ана тілін ерекше қорғайды. Ана тілін дамыту, қорғау дегеніміз – өз ана тілінде таза сөйлеу және оны жақсы біліп, туған анадай сүю.

Сүйемін туған тілді – анам тілін,
Бесікте жатқанымда-ақ берген білім.

Шыр етіп жерге түскен

минутымнан,
Құлағыма сіңірген таныс үнім, – деп С.Торайғыров ағамыз жырлап өткен. Ана тілінің күші мен құдіретін туған халқымыз әуелденең бағдарлап, сөз өнерін бар өнердің басы деп санаған. Мысалы: "Өнер алды – қызыл тіл", "Тіл тас жарады, тас жармаса бас жарады", "Тоқсан ауыз сөздің, тобықтай түйіні бар" сөздері халқымыздың орынды сөзге қандай мән бергенін көрсетеді. Абайдың даналығына, Махамбеттің батылдығына,

Бұқардың ақылгөйлігі мен халқына деген жанашырлығына, Абылайдың данышпандығына, Бөгенбай мен Қабанбайдың ерліктеріне сүйсініп, рухани өмірімізге азық етеміз. Тіл – қай ұлтта, қай елде болса да қастерлі, құдіретті. Ол әрбір адамға ана сүтімен бірге еніп, қалыптасады. Тіл байлығы – әрбір елдің ұлттық мақтанышы. Ол атадан балаға мирас болып қалып отыратын баға жетпес мұра. Демек, әр адам ана тілін көзінің қарашығындай қорғауға, оның орынсыз шұбарлануына қандайына болса да қарсы тұруы тиіс. Ана тілі – ең басты байлығымыз. Менің тілім – ең ұлы мен тамаша тіл. "Ана тілі – халық боп жасағаннан бері жан дүниеміздің айнасы, өсіп-өніп түрлене беретін, мәңгі құламайтын бәйтерегі," – деп Жүсіпбек Аймауытов айтқандай елін, жерін сүйген әрбір азаматтың көкірегінде ана тіліне деген сүйіспеншілігінің мақтаныш сезімі болуы керек. Тіл – ұлттың жаны. Ал, ұлттың болашағы – оның ана тілі. Тіл – халықпен бірге өмір сүріп дамиды, әр ұлттың тілі – оның бақыты мен тірегі. Ана тілін жақсы білмейінше, сауатты сөйлеп, сауатты жазып, тіл байлығын мол қолданбайынша, шын мәніндегі мәдениетті адам бола алмайсың. Тіл тағдыры – ел тағдыры екенін еш уақытта ұмытпайық. Әрбір адам өз ана тілін білуі және мемлекеттік тілін меңгеруі тиіс. Мен ана тіліммен мақтанамын және шексіз құрметтеймін!

Ләззат ҚАСЫМБЕКОВА,
ЖШС аудандық «Ақсу өңірі»
газетінің директоры – бас редакторы,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі.

ТІЛ ТАҒДЫРЫ – АҚПАРАТ КЕҢІСТІГІНДЕГІ ЖАУАПКЕРШІЛІК

Тіл – ұлттың жаны дейді. Бұл сөзді біз жиі айтамыз, жиі естиміз. Алайда, оның астарында қаншалықты терең мағына жатқанын күнделікті өмірде әрдайым сезіне бермейміз. Тіл – тек сөйлесу құралы емес. Ол – халықтың тарихи жады, дүниетанымы, мәдениеті мен болмысы. Әр ұлт өзінің тілінде ойлайды, қуанады, мұңайды, арман құрады. Сондықтан тілдің тағдыры – ұлттың тағдырымен тамырлас ұғым.

Бүгінгі таңда қазақ тілі тәуелсіз Қазақстанның мемлекеттік тілі ретінде қоғам өмірінің барлық саласында қолданылып келеді. Мектепте білім беріледі, мемлекеттік құжаттар ресімделеді, ғылым мен мәдениет саласында қолданыс табады. Бірақ заман өзгерген сайын тілдің дамуына әсер ететін факторлар да өзгеріп келеді. Егер бұрын тілдің өміршеңдігі кітап пен газет арқылы бағаланса, бүгінде оның тынысы ақпараттық кеңістіктегі орнымен өлшенеді.

Ақпарат ғасыры адам өмірін түбегейлі өзгертті. Бір кезде таңертең газет оқып, кешке теледидар көретін қоғам бүгінде ақпараттық телефон арқылы алады. Бір жаңалық бірнеше секунд ішінде миллиондаған адамға жетеді. Әлеуметтік желілер, жаңалық порталдары, бейне платформалар мен түрлі цифрлық сервистер қоғамдық пікір қалыптастыратын қуатты құралға айналды.

Осындай кезеңде бұқаралық ақпарат құралдарының жауапкершілігі бұрынғыдан да арта түсті. Өйткені, БАҚ тек жаңалық таратушы ғана емес, тіл мәдениетін қалыптастырушы, ұлттық құндылықтарды насихаттаушы маңызды институт болып отыр. Әр жарияланған мақала, әр эфирге шыққан бағдарлама, әрбір ақпараттық материал қоғамның тілдік ортасына әсер етеді.

Қазақ тілі ақпарат кеңістігінде қаншалықты белсенді қолданылса, оның қоғамдық ықпалы да соншалықты арта түседі. Бұл жерде мәселе тек материалдардың санында емес, сапасында жатыр. Оқырманды ойландыратын сараптамалық мақалалар, танымдық бағдарламалар, ғылыми-көпшілік жобалар, сапалы сұхбаттар мен деректі материалдар мемлекеттік тілдің беделін көтереді.

Соңғы жылдары қазақ тіліндегі контенттің көбейіні байқалады. Бұл – қуантарлық жағдай. Дегенмен санның артуы сапаның автоматты түрде жоғарылауын білдірмейді. Ақпараттық кеңістікте оқырман назарын аудару үшін жарыс күшейген сайын үстірт мазмұндағы материалдардың да көбеюі қаупі бар. Сондықтан журналистің басты міндеті – аудиторияға жылдам ақпарат беру ғана емес, шынайы, дәлелді әрі мазмұнды ақпарат ұсыну.

Қоғамдық пікірдің сапасы ақпараттың сапасына байланысты. Ал, ақпараттың сапасы оны әзірлейтін мамандардың кәсібилігіне тәуелді. Журналистің қаламы кейде заңнан да күшті әсер етуі мүмкін. Себебі, ақпарат адамдардың көзқарасын қалыптастырады.

Сондықтан мемлекеттік тілде жазатын журналистің жауапкершілігі екі есе жоғары. Ол әрі қоғамға қызмет етеді, әрі тіл мәдениетінің дамуына үлес қосады.

Бүгінде мемлекеттік тілді дамыту ісіне тек кәсіби журналистер ғана емес, белсенді азаматтар, еріктілер, түрлі қоғамдық бастамалар да атсалысып келеді. Қазақ тіліндегі білім беру жобалары, әлеуметтік желідегі танымдық парақшалар, подкасттар мен бейнеарналар мемлекеттік тілдің жаңа тынысын ашады. Олар жастарға қазақ тілінің заманауи, икемді әрі бәсекеге қабілетті тіл екенін көрсетіп келеді.

Әсіресе, жастардың қазақ тіліндегі сапалы контентке деген сұранысының артуы көңіл қуантады. Бұл мемлекеттік тілдің болашағына деген сенімді күшейтеді. Себебі, кез келген тілдің тағдыры оны қолданатын жаңа буынның қолында болады. Егер жастар қазақ тілінде оқып, ізденіп, пікір алмасып, жаңа идеялар тудырып жатса, тілдің болашағы да баянды болады.

Қазақ тілі бүгінде жаңа кезеңге аяқ басты. Бұл кезеңде оның дамуы тек мемлекеттік бағдарламалармен ғана емес, ақпараттық кеңістіктегі белсенділігімен анықталады. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, қай тіл интернетте, медида және цифрлық технологияларда кең қолданылса, сол тілдің өміршеңдігі де жоғары болады.

Сондықтан мемлекеттік тілді дамыту мәселесіне тек тіл мамандарының немесе мемлекеттік органдардың міндеті ретінде қарауға болмайды. Бұл – журналистің де, мұғалімнің де, ғалымның да, блогердің де, қарапайым азаматтың да ортақ ісі.

Иә, қазақ тілін дамыту мәселесі енді тек филологтардың емес, журналистердің, бағдарламашылардың, контент жасаушылардың және бүкіл қоғамның ортақ міндетіне айналып отыр.

Өйткені, тілдің болашағы бір құжатпен немесе бір науқанмен шешілмейді. Ол күн сайын айтылған сөзден, жазылған мақаладан, түсірілген бағдарламадан, жарияланған ақпараттан құралады.

Қазақ тілі – өткеннің мұрасы ғана емес, болашақтың да тілі. Оның ақпараттық кеңістіктегі орны нығайған сайын қоғамдағы беделі де арта береді. Сондықтан мемлекеттік тілдің мәртебесін көтерудің ең тиімді жолдарының бірі – сапалы қазақтілді ақпараттық ортаны қалыптастыру. Бұл міндетті жүзеге асыруда бұқаралық ақпарат құралдарының рөлі ерекше.

Тілге жанашырлық ұранмен емес, іспен өлшенеді. Ал, сапалы ақпарат өндіру, тіл мәдениетін сақтау және мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту – сол нақты істің жарқын көрінісі. Бүгінгі ақпарат кеңістігінде қазақ тілінің үні анық әрі сенімді естілсе, ертеңгі ұрпақ та сол үнді жалғастырады.

Гүлім ЖҰМАҒАЛИҚЫЗЫ,
газет корректоры.

БАҚ, ҚОҒАМДЫҚ БАСТАМАЛАР ЖӘНЕ ЦИФРЛЫҚ БОЛАШАҚ

Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі, ел тәуелсіздігінің басты нышандарының бірі және ұлттың рухани өзегі екені шындық. Иә, мемлекеттік тілдің қоғам өмірінің барлық саласында кеңінен қолданылуы елдің тұтастығын нығайтып, азаматтарды ортақ құндылықтар төңірегіне топтастырады. Осы тұрғыдан алғанда бұқаралық ақпарат құралдарының рөлі ерекше. Өйткені БАҚ қоғамдық пікір қалыптастыратын, ақпараттық кеңістікті реттейтін және тілдік мәдениетті насихаттайтын маңызды құрал болып табылады.

Иә, БАҚ – мемлекеттік тілдің басты насихатшысы. Бірақ ақпараттық тұтыну мәдениеті өзгерді. Бүгінгі аудитория ақпаратты смартфон арқылы алады. Сондықтан мемлекеттік тіл саясаты дәстүрлі БАҚ-пен қатар жаңа медиа кеңістігінде де жүзеге асырылуы тиіс. Соңғы жылдары Қазақстанның ақпараттық кеңістігінде қазақ тіліндегі контент көлемі айтарлықтай артты. Теледидар, радио, интернет-басылымдар мен әлеуметтік желілерде мемлекеттік тілдегі бағдарламалар, сараптамалық материалдар және танымдық жобалар көбейді. Бұл үрдіс қоғамның қазақ тіліне деген сұранысының өсіп келе жатқанын көрсетеді. Бүгінде жастардың басым бөлігі ақпаратты газеттен емес, әлеуметтік желіден, YouTube, Telegram, TikTok және түрлі платформалардан алады. Егер осы кеңістікте қазақ тілі аз қолданылса, оның қоғамдық ықпалы да әлсірейді.

Иә, соңғы он жылда қазақ тілі интернет-те бұрын – соңды болмаған серпіліс жасады. Бұрын қазақша контент негізінен жаңалықтармен шектелсе, қазір ғылым, технология, бизнес, кино, психология, қаржы, тарих және білім беру бағыттарында қазақша сапалы жобалар пайда болды. Бұл жерде қызық құбылыс – қазақ тілінің интернеттегі дамуына көбінесе мемлекеттік мекемелер емес, азаматтық бастамалар серпін берді. Олар дәстүрлі БАҚ жасай алмайтын жұмыстың бір бөлігін атқарып, мемлекеттік тілді интернетке алып шықты. Осы арада басқа да бастамалар мен қауымдастықтарды айтпағанда «Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы қоғамдық бірлестігінің» орнын ерекше атап өтуге болады. Бұл бастамалардың ерекшелігі – олар ешкімнің тапсырмасымен емес, қоғамдық сұраныстың нәтижесінде пайда болды.

Мен өзім де қазіргі таңда осы "Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы" қоғамдық бірлестігінің Жетісу облыстық филиалының белсенді мүшесімін.

Осы орайда Конституциямызға өзгерістер енгізу референдумы алдында насихат тобында болып, мемлекеттік тілдің болашағы тек заңдар мен бағдарламаларға емес, оның интернеттегі өміршеңдігіне байланысты. Қазақ тілі цифрлық кеңістікте қаншалықты белсенді қолданылса, оның

келешегі де соншалықты берік болатынын түсіндіре алдық.

Бүгінде қазақ тілінің дамуына жаңа мүмкіндік ашылды. Ол – Ел Президентінің Жолдауынан бастау алған жасанды интеллект технологиялары.

Ал, жасанды интеллект сапалы жұмыс істеуі үшін қазақ тіліндегі сапалы мәтіндер қоры қажет. Демек журналистер, жазушылар, блогерлер мен ғалымдар жасаған контент қазақ тілінің технологиялық болашағына тікелей әсер етеді. Өйткені кез келген заманауи нейрожелі интернеттегі мәтіндер арқылы үйренеді. Демек журналист жазған мақала, блогер түсірген видео немесе қоғамдық ұйым жасаған контент қазақ тілінің технологиялық болашағын қалыптастырады.

Міне осы сапалы контент дегеніміз тек ақпарат беру ғана емес, оның мазмұнының тереңдігі, тілінің көркемдігі, деректерінің нақтылығы және оқырманға әсер ету қабілеті.

Сондықтан, мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейтуде журналистердің жауапкершілігі ерекше. Журналист ақпарат жеткізуші ғана емес, тіл мәдениетін қалыптастырушы тұлға. Оның әрбір мақаласы, репортажы немесе бағдарламасы мыңдаған адамның тілдік талғамына ықпал етеді. Иә, журналистердің кәсіби сауаттылығы мен тілдік мәдениеті жоғары деңгейде болуы қажет.

Сонымен қатар мемлекеттік тілді дамыту тек журналистердің немесе мемлекеттік органдардың міндеті емес. Бұл – бүкіл қоғамның ортақ жауапкершілігі. Азаматтар қазақ тіліндегі сапалы ақпараттың өнімдерді тұтынуға, қолдауға және таратуға мүдделі болған жағдайда ғана мемлекеттік тілдің ақпараттық кеңістіктегі үлесі артады. Осы ретте мемлекет, БАҚ және қоғам арасындағы өзара серіктестік маңызды мәнге ие.

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, ұлттық тілдің дамуы оның ақпараттық кеңістіктегі үлесімен тікелей байланысты. Өз тілінде сапалы ақпарат өндіре алған мемлекеттер мәдени және рухани тәуелсіздігін нығайта түседі. Қазақстан үшін де бұл қағида аса маңызды. Мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыру жолындағы жұмыстар үздіксіз жалғасуы тиіс.

Иә, БАҚ мемлекеттік тілдің қоғамдағы орнын нығайтып қана қоймай, оның заманауи талаптарға бейімделуіне мүмкіндік береді. Қазақ тілінің болашағы оның ақпараттық кеңістіктегі бәсекеге қабілеттілігіне байланысты. Сондықтан мемлекеттік тілдегі сапалы контентті көбейту, тіл мәдениетін сақтау және қазақ тілін жаңа медиа кеңістігінде кеңінен қолдану – бүгінгі күннің басты міндеттерінің бірі.

Ербол СЫМХАНОВ,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі.

ҚУАНЫШТЫ КЕЗДЕСУЛЕР!

Адам өмірге келгеннен кейін күнделікті өсіп, баспалдақтан алға қарай жылжи береді. Мектепке бару, оны бітіру, жоғары оқу орнына түсу, еңбекке араласу, үйлі-баранды болу, ортамен араласу және тағы басқа өмір белестері жалғаса береді.

Иә, өмір өте береді, уақыт тоқтамайды, ешкімді күтпейді. Сонымен адам баласының қызықты өмірі осылай жалғаса береді. Осыдан кейін түрлі кездесулер, 5, 10, 15, 20 жылдық жүздесулер, бір-бірін сағыну,

хабарласу орын алып жатады. «Бірге тұмақ болса да, бірге жүрмек жоқ» демекші, жан-жаққа тарасып, әркім өзінше өмір сүреді. Әрине, туысыңмен де бірге жүрмейсің, әркімнің өз өмірі, өз орны бар.

Осындай кездесулер биыл да жалғасын тауып жатыр. Радиодан, теледидардан, әлеуметтік желілерден мұндай хабарларды жиі естіп, көріп, қызығып та, қуанып та жүрміз. Сондай кездесуге мен де барып келдім. Мектеп бітіргенімізге 65 жыл толыпты.

Тәубә, екі сыныптан біраз адам бар екенбіз. Бұған мың да бір шүкір, осы күнге жеткенімізге.

1961 жылы ол кезде Ы.Алтынсарин атындағы (қазіргі Мамания) орта мектепті екі сыныптан елу шақты бала бітірген едік. Көпшілігі өмірден өтіп кетті, қалғанымыз он бес шақты адам бас қостық. Әрине, әсерлі жүздесу болды. Шұқырасып бала күнімізді, ұстаздарымызды, сыныптас-тарымызды еске алып, суреттерімізді көріп, бірге суретке түсіп, мәз болып қалдық. Бұл өмірде бұған жеткен де бар, жетпеген де бар. Шүкір деймін.

Осындай кездесу Қаракемер орта мектебінде де 6 маусым күні өте жоғары деңгейде өтті. Бұдан 40 жыл бұрын мектеп бітірген 20 түлек аппақ болып киініп, қызыл галстуктарын тағып, гүл шоқтарымен мектепке кіргенде толқымаған адам кемде-кем болды.

Сыныптарына кіріп, парталарына отырып, суретке түсіп, балалық шақтарын, ұстаздарын еске түсіріп, бір шуылдасып қалды. Бірі дәрігер, бірі кәсіпкер, бірі ұстаз. Барлығы жан-жақты білім алған, толысқан, алды ата-әже атанған түлектер. Өмірден өз орындарын тапқан салиқалы азаматтар мен азаматшалар.

Мектепке үлкен теледидар, музыкалық аппаратура-лар, оқушыларға доптар ала келіпті. Мен өзім осы мектепте 25 жыл басшы болып қызмет атқарғандықтан, олардың әрбір қадамы, өскен орталары, жүріп өткен жолдары мен үшін өте ыстық.

Екі сыныптың жетекшілері, өмірден өткен Рәбиға Жұмасілқызы мен Дәметкен Есболатқызының немерелеріне велосипед, келіндеріне сыйлықтар тарту етті. Маған да шапан жауып, ақ орамал мен гүл шоқтарын сыйлады. Бұл – үлкен тәрбие, кейінгі ұрпаққа үлгі деп ойлаймын.

Ұстаз бақыты деген осы. Мен алған сыйыма емес, солармен қауышқаным, дидактасқаным ризамын. Алғысым шексіз. Тек шәкірттерім ғана емес, аудан басшылары, қоғамдық кеңес мүшелері, ата-аналар да әр мерекеде құттықтап жатады. Бәріне Алланың нұры жаусын, әрқашан аман жүрсін деген тілектемін.

Мектепке келер алдында мешітке барып, дүниеден өткен ұстаздары мен сыныптастарына құран бағыштады. Міне, нағыз сыныптастар, нағыз достар, ұстаз қадірін білетін түлектер деп есептеймін.

Кейбір түлектер мектепке келмей, өздері жиналып тойлап жатады. Ұстаз ретінде мұны дұрыс деп есептемеймін, себебі, ұстаз бен мектеп әрқашан жоғары тұруы керек.

Қорыта келе, кездесіп жатқан түлектерге мол алғыс білдіремін. Кездесулері әрі қарай жалғаса берсін.

Дендеріңіз сау, өмірлеріңіз ұзақ, бала-шағаларыңыз аман, еңбектеріңіз жемісті болсын демекпін.

Жиын соңында мектеп директоры Әйгерім ханым құттықтап, алғысын айтты. Жансұлтанұлы Есімхан өзінің Қаракемер ауылы мен мектебіне арнаған елеңін оқып, мектепке іліп қоюды өтінді.

Жиынға қатысқан көпшілік осындай шат көңілмен, ризашылық сезіммен тарасты.

Нұркүміс ӘМІРЕНОВА,
Ақсу ауданының «Құрметті азаматы», «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің үздігі», «Бүкілжақты мұғалімдердің III съезінің делегаты».

МЕДИЦИНА САЛАСЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ТӨЛ МЕРЕКЕСІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

БАЛАЛАР ДЕНСАУЛЫҒЫ - БАСТЫ НАЗАРДА!



Балалардың денсаулығын сақтау және нығайту – денсаулық сақтау жүйесінің маңызды бағыттарының бірі.

Осы жауапты міндетті атқарып жүрген мамандардың қатарында Ақсу аудандық орталық ауруханасының 2 - учаскелік балалар дәрігері Ахметбеков Жандос Ахметжанұлы да бар.

Жандос Ахметжанұлы 2019 жылы Семей мемлекеттік медицина университетін тәмамдап, сол жылы Ақсу аудандық орталық ауруханасында учаскелік педиатр ретінде еңбек жолын бастады. Қазіргі таңда өз мамандығына адалдық танытып, аудан тұрғындарының алғысына бөленіп жүрген білікті дәрігерлердің бірі. Оның жалпы еңбек өтілі – 6 жыл.

Учаскелік педиатрдың негізгі міндеті – балалардың денсаулығын бақылау, аурулардың алдын алу, профилактикалық тексерулер мен екпе жұмыстарын жүргізу, сондай-ақ, ата-аналарға медициналық кеңес беру. Жандос Ахметжанұлы күнделікті қызметінде осы міндеттердің барлығын жоғары жауапкершілікпен атқарып келеді. Әсіресе, балалар арасындағы жұқпалы аурулардың алдын алу, нәрестелер мен жасөспірімдердің денсаулығын бақылау бағытында жүйелі жұмыстар жүргізуде.

Кез - келген дәрігердің жетістігі кәсіби әрі тәжірибелі

мейіргерлермен тығыз байланысты. Учаскеде көп жылдық тәжірибесі бар мейіргерлер Егізбаева Жанар Мырзахметқызы мен Абуова Гүлзат Аманжолқызы қызмет атқарады.

Мырзахметқызы Жанар Егізбаева денсаулық сақтау саласында 39 жыл еңбек етіп келеді. Көп жылдық тәжірибесі мен кәсіби шеберлігінің арқасында тұрғындар арасында зор құрметке ие. Ол өз ісіне жауапкершілікпен қарап, жас мамандарға бағыт-бағдар беріп, тәжірибесімен бөлісіп келеді.

Ал, Аманжолқызы Гүлзат Абуова 21 жылдық еңбек өтілі бар тәжірибелі мейіргер. Өз қызметінде ұқыптылық пен жанашырлық танытып, балалар мен ата-аналарға сапалы медициналық көмек көрсетуде.

Дәрігер мен мейіргерлерден құралған бұл ұжым тұрғындарға алғашқы медициналық - санитариялық көмекті сапалы көрсетіп, балалар денсаулығын қорғау жолында аянбай еңбек етуде. Олардың кәсіби біліктілігі, жауапкершілігі мен адамгершілік қасиеттері халықтың сеніміне ие болып, дені сау ұрпақ тәрбиелеуге өз үлесін қосуда.

Балалар денсаулығы – ел болашағының кепілі. Осы жолда аянбай еңбек етіп жүрген медицина қызметкерлерінің еңбегі әрдайым құрметке лайық.

Ләззат ҚАСЫМБЕКОВА.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕРДІ ЖЕТІЛДІРУ ЖӨНІНДЕ ҚАБЫЛДАНЫП ЖАТҚАН ШАРАЛАР

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаменті қызметінің басым бағыттарының бірі – мемлекеттік қызметтер көрсету процестерін жетілдіру және қызмет алушылардың қанағаттану деңгейін арттыру.

Осы бағыттағы жұмыс шеңберінде Департамент мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы құқықтық реттеуге тұрақты негізде талдау жүргізеді. Заңнамадағы қайшылықтар мен олқылықтарды, әкімшілік кедергілерді, сондай-ақ, құқық қолдану практикасының біркелкі болмауына және нормалардың әртүрлі түсіндірілуіне алып келетін жағдайларды анықтауға ерекше назар аударылады.

Сонымен қатар, мемлекеттік

қызметтердің автоматтандырылу деңгейі мен мемлекеттік органдардың техникалық мүмкіндіктеріне бағалау жүргізіледі. Ақпараттық жүйелердің жұмыс істеуі мен өзара ықпалдасуы, сондай-ақ, мемлекеттік қызметтердің қолжетімділігі мен азаматтарға қолайлылығын арттыру мақсатында оларды электрондық форматқа көшіру мүмкіндіктері зерделенеді.

Ағымдағы жылдың II тоқсанының қорытындысы бойынша Департа-

мент мемлекеттік қызметтер көрсету процестерін жетілдіруге бағытталған 12 ұсыныс әзірледі. Олардың басым бөлігі жер қатынастары саласына қатысты. Атап айтқанда, ұсыныстар «Мемлекеттік меншіктегі жер учаскелеріне құқықтарды сауда-саттықты (аукциондарды) өткізуді талап етпейтін тәртіппен беру», «Жер учаскесін жалдау мерзімін ұзарту» және «Кент, ауыл жерлерінен жер учаскесін беру» мемлекеттік қызметтерін жетілдіруге бағытталған.

Әзірленген бастамалар мемлекеттік қызметтерді проактивті форматта көрсету тетіктерін одан әрі дамытуға, «бір өтініш» қағидатын енгізуге, электрондық өзара іс-қимылды жетілдіруге, сондай-ақ халыққа қызмет көрсету сапасын арттыруға бағытталған.

Жүргізіліп жатқан жұмыс мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін арттыруға, әкімшілік кедергілерді азайтуға, мемлекеттік қызметтердің қолжетімділігін кеңейтуге және азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерінің іске асырылуын қамтамасыз етуге ықпал етеді.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ ІСТЕРІ
АГЕНТТІГІНІҢ ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ
БОЙЫНША ДЕПАРТАМЕНТІ.**

ҚЫЗМЕТ АЛУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ БОЙЫНША ҚАБЫЛДАНЫП ЖАТҚАН ШАРАЛАР

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаменті қызметінің басым бағыттарының бірі мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын бақылау болып табылады, өйткені бұл сала азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделеріне тікелей әсер етеді.

Мемлекеттік бақылау шеңберінде Департамент мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасына тұрақты түрде мониторинг жүргізеді. Бақылау іс - шараларының нәтижесінде негізсіз бас тартуларға, өтініштерді қарау мерзімдерінің сақталмауына және қабылданған шешімдердің жеткілікті негізделмеуіне байланысты заңнама талаптарының бұзылу фактілері анықталуда.

Ағымдағы жылдың II тоқсанының қорытындысы бойынша қабылданған шаралардың нәтижесінде 125-тен астам қызмет алушының құқықтары қалпына келтірілді.

Атап айтқанда, «Республикалық маңызы бар қаланың, астананың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың шегінде жер учаскесіне құқықтар беру», «Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгерту» және «Медициналық ұйымға тіркелу»

мемлекеттік көрсетілетін қызметтері бойынша қызмет алушылардың өтінімдеріне белгіленген мерзімде жауап бермеу және жауаптардың мерзімін бұза отырып беру фактілері орын алған.

Департаменттің араласуынан кейін мемлекеттік қызмет көрсетуге қатысты барлық өтінімдер қаралып, азаматтарға тиісті жауаптар берілді.

Осындай бұзушылықтарға алдағы уақытта жол бермеу мақсатында, мемлекеттік органдарға ішкі бақылауды күшейту және мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру жөнінде ұсынымдар енгізілді.

Мемлекеттік қызметтерді алу кезінде құқықтарыңыз бұзылған жағдайда, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаментіне (мекенжайы: Жетісу облысы, Талдықорған қаласы, Назарбаев даңғылы 75, байланыс телефоны 8 (7282) 24-11- 91) жүгінуге болады.

**ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫ
МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ
ІСТЕРІ АГЕНТТІГІНІҢ
ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ
БОЙЫНША
ДЕПАРТАМЕНТІ.**

"INVEST CARAVAN" акциясы аясында аудан прокуроры инвесторлармен кездесу өткізді

Аудан прокуратурасының ұйымдастыруымен «INVEST CARAVAN» акциясы аясында аудан аумағында инвестициялық жобаларды іске асырып жатқан және жаңа жобаларды жүзеге асыруға ниетті инвесторлармен кездесу өткізілді.

Іс-шараға аудан прокуроры Дастан Тұрсынов, жергілікті атқарушы органдардың басшылары, уәкілетті мемлекеттік органдардың өкілдері және кәсіпкерлер қатысты.

Кездесу барысында аудан прокуроры инвестициялық жобалар жүзеге асырылып жатқан өндірістік нысандарға барып, олардың қызметімен және іске асырылу барысымен танысты.

Инвесторлармен өткен кездесуде жобаларды жүзеге асыру барысында туындайтын мәселелер, мемлекеттік қолдау шаралары, инфрақұрылыммен қамтамасыз ету, әкімшілік кедергілерді жою және инвесторлардың құқықтарын қорғау мәселелері талқыланды.

Сонымен қатар аудан аумағында іске асырылып жатқан және алдағы кезеңге жоспарланған инвестициялық жобалардың жай-күйі қаралды.



Атап айтқанда, ауыл шаруашылығы, қайта өңдеу өнеркәсібі, тау-кен өндірісі және су үнемдеу технологияларын енгізу бағытындағы жобалардың жүзеге асырылу барысы талқыланды.

Кездесу қорытындысы бойынша инвесторлар тарапынан көтерілген мәселелер бойынша нақты шешу жолдары айқындалды.

Жобалардың іске асырылу барысы қаралды.

Аудан прокуратурасы инвесторлардың құқықтарын қорғау және инвестициялық жобаларды сүйемелдеу бағытындағы жұмыстарды тұрақты негізде жалғастырады.

**АҚСУ АУДАНЫНЫҢ
ПРОКУРАТУРАСЫ.**

101 ХАБАРЛАЙДЫ

БАЛА ЖӘНЕ ӨРТ



Өмірінде өртті бір рет көрген адам оның қандай апат екенін біледі. Өрт жолындағының бәрін жалмап, тіпті ең қымбатты – адам өмірін де аямайды.

Біздің күнделікті тіршілікте: «Сіріңкемен ойнама», «Отпен ойнау қауіпті», «Өрт – тілсіз жау» және т.б. ұрандарға құлағымыз үйреніп кеткен. Көп жағдайларда балаларды көз қызықтырар белгілері бар сіріңке, темекі қорабтары

қызықтыратыны естен шығып жатады.

Балаларда үлкендерге тән психологиялық қорғаныс реакциясы толық дамымаған. Көпшілігі өрт кезінде аман қалу үшін не істеу керектігін біле бермейді. Осы себептерден өрт кезінде көп жағдайларда төсек астына, шкаф ішіне, көрпе астына немесе бөлмедегі қуыстарға тығылып, өрттен қашады. Есік ашық болса да шығуға тырыс-

пайды. Оларды қою түтін жайлаған бөлмелерден табу өрт сөндірушілерге қиындыққа соғып жатады.

Ауданымызда балаларға оттан абай болуды үйрету жұмыстары жүргізілуде. Мектептерде, бала бақшаларда өрт қауіпсіздігі шараларын оқыту жетілдендірілуде, бұқаралық ақпарат құралдары қамтылуда.

Атап айтсақ, Ақсу ауданында балалармен өрт қауіпсіздігі бойынша сабақтар өткізіліп тұрады, балалардың отпен ойнауын және өрт кезінде балалардың қаза болуын болдырмау үшін.

Соған қарамастан, бұл алдағы балалардың кінәсінен болған өрт санын кеміту үшін атқарылатын жұмыстардың бір бөлігі. Әрбір ересек адам олар үшін жауапты екенін естен шығармауы ең маңызды мәселе. Естеріңізде болсын, балалардың отпен ойнауына қарсы күрес, өртке қарсы күрес қана емес, ол ең алдымен балалырымыздың бақытты да, шаттыққа толы өмірі үшін күрес.

Құрметті ата-аналар, ЕСТЕ САҚТАНЫЗДАР, баланың өмірі СІЗДЕРДІҢ қолдарыңызда және ол БАҒАЛАНБАЙДЫ!!!

ГАЗДЫ ТҰРМЫСТА ПАЙДАЛАНУ КЕЗІНДЕГІ ҚАУІПСІЗДІК

Абонент пәтер ішіндегі газ жабдығының тиісті техникалық жағдайын қамтамасыз етуге міндетті.

Құрметті газ тұтынушылар!

Өз денсаулығыңыз бен жақындарыңыздың қауіпсіздігі туралы ойлаңыздар – газ жабдығына уақытылы қызмет көрсету мен жөндеуді қамтамасыз етіңіздер!

Газды тұрмыста қолданатын халық міндетті:

- Газ аспаптарының, түтіндіктер мен желдеткіштердің қалыпты жұмыс істеуіне бақылау жасауға, түтіндікке газ жану өнімдерін бұратын газ аспаптарын қосқанға дейін және жұмыс істеуі кезінде түтін тартылуын тексеруге. Түтіндіктің «қалтасын» мерзімді тазалап отыруға.

- Газды пайдаланып болған соң, газ аспаптарында және олардың алдындағы крандарды жабуға.

- Газ жабдығы жарамсыз болғанда «Горгаз-сервис» ЖШС кәсіпорнының қызметкерлерін шақыртуға.

- Пәтер ішінде газ иісі пайда болған кезде газ аспаптарын қолдануды дереу тоқтатуға, аспаптарға жалғанған және аспаптардағы крандарды жабуға, үй-жайды желдету үшін терезелер мен желкөздерді ашуға, 104 телефоны бойынша апаттық қызметті шақыртуға (газдалған үй-жайдан тыс). От жақпауға, темекі тартпауға, электр жарығы мен электр құралдарды қоспауға және қосулы болса, сөндірмеуге, электр қоңырауларды пайдаланбауға.

- Газ құбырлары мен газ жабдықтарын тексеру және жөндеу үшін тәуліктің кез-келген уақытында пәтерге газ шаруашылығы кәсіпорнының қызметкерлерін олар қызметтік куәліктерін көрсеткенде кіргізуге.

Халыққа тыйым салынады:

Үйлерді (пәтерлер, бау-бақшадағы шағын үйді) газдандыруды өз бетінше жүргізуге, газ аспаптарының, баллон мен бекіту арматураларының орнын ауыстыруға, алмастыруға және жөндеуге. Кез-келген газ жүйесін құрастыру тек мамандандырылған ұйыммен жүргізілуі тиіс.

- Сәйкесінше ұйымдардың келісімінсіз, газ аспаптары орнатылған орынжайды қайта жоспарлауды жүзеге асыруға.



- Газ аспаптары орнатылған орынжайларды ұйықтау мен демалу үшін қолдануға.

- Газ шығуын анықтау үшін ашық отты пайдалануға (газ шығуды анықтау сабын эмульсиясымен немесе арнайы аспаппен жүргізіледі).

- Түтін мен желдету жүйелерінің құрылысын өзгертуге.

- Екі қабаттан көп қабаттары бар тұрғын ғимараттарының пәтерлерінде баллондарды орналастыруға тыйым салынады.

- Желдету арналарын бітеп тастауға, түтіндіктерді тазалауға арналған «қалталар» мен люктерді бітеп немесе сылап тастауға.

Газды тұрмыста қолдану Ережелерін бұзған тұлғалар қолданыстағы заңнамаға сәйкес әкімшілік және қылмыстық жауаптылыққа тартылады.

**А.ҚАДЫРМОЛДАНОВ,
Ақсу ауданының ТЖБ аға инженері,
азаматтық қорғау аға лейтенанты.**

ШАРУА НЕМЕСЕ ФЕРМЕР ҚОЖАЛЫҒЫН ЖҮРГІЗУ ҮШІН УАҚЫТША ӨТЕУЛІ ЖЕР ПАЙДАЛАНУ (ЖАЛҒА АЛУ) ҚҰҚЫҒЫН БЕРУ ЖӨНІНДЕГІ КОНКУРС ЖАРИЯЛАУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

Жетісу облысы, Ақсу ауданы әкімдігі, Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 43-1 бабында және «Шаруа немесе фермер қожалығын, ауылшаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсты ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауылшаруашылығы министрінің 2018 жылғы 20 желтоқсандағы №518 бұйрығы негізінде, «Шаруа немесе фермер қожалығын, ауылшаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурс өткізетіндігі туралы хабарлайды:

Конкурсқа қатысу үшін өтінімдерді (конкурстық ұсыныс) қабылдау, жарияланғаннан соң 30 күнтізбелік күннен кейін, 15 жұмыс күні ішінде,

2026 жылдың 20 шілдесінен 07 тамыз күнін қоса алғанға дейін қабылданады. Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Желтоқсан көшесі 5Д, Ақсу ауданының ауылшаруашылығы мен жер қатынастары бөлімінің №6 кабинетіне табыс етеді.

Конкурсқа қатысу туралы өтінімдерді қабылдаудың (конкурстық құжаттаманы) соңғы мерзімі: **2026 жылдың 07 тамыз күні 18 сағат 30 минутқа дейін.**

Конкурстық өтінімдер салынған конверттер **2026 жылдың 11 тамыз күні 10 сағат 00 минутта** мына мекен жайда ашылады: Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Желтоқсан көшесі, №5, аудан әкімінің орынбасары кабинетінде.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауылшаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі **конкурсқа қатысуға өтінімде:**

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғалары үшін – заңды тұлғаның атауы, оның тұрған жері, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы мәліметтер, жарғылық капиталдағы (жарғылық капиталдың жалпы мөлшерінен) үлестерінің мөлшері көрсетіле отырып, өтінім берушінің – заңды тұлғаның басшылары мен қатысушылары немесе акционерлері туралы мәліметтер, өтінім берушінің үлестес тұлғалары туралы мәліметтер;

2) жеке тұлғалар үшін – өтінім берушінің тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса), тұрғылықты жері, азаматтығы, жеке сәйкестендіру нөмірі, өтінім берушінің жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтер;

3) өтінім беруші үміттеніп отырған жер учаскесінің орналасқан жері;

4) конкурстық ұсыныс;

5) өтінім беруші шаруа немесе фермер қожалығын, ауылшаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурстың жеңімпазы деп танылған жағдайда, шаруа немесе фермер қожалығын не ауылшаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауылшаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартына қол қою қажеттігі туралы хабарламаны алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде көрсетілген шартты жасасу жөніндегі міндеттеме қамтылуға тиіс.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауылшаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімді жеке тұлғаның немесе Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғасының уәкілетті өкілдері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген және ресімделген сенімхаттың негізінде ұсына алады.

Конкурстық ұсыныста мынадай құжаттар болуы қажет:

1) бизнес-жоспар (инвестициялардың болжамды көлемі, ауылшаруашылығы дақылдарын өсіру алаңдары, ауылшаруашылығы жануарларының мал басы, қолданылатын агротехнологиялар, ауылшаруашылығы техникасы мен технологиялық жабдықтың, ауылшаруашылығы саласындағы білікті мамандардың болуы, ашылатын жұмыс орындарының саны);

2) шаруашылықишілік жерге орналастыру жобасын жасау және игеру, ауылшаруашылығы инфрақұрылымын дамыту іс-шараларын орындау жөніндегі міндеттемелер;

3) ауылшаруашылығы мақсатындағы жерді ұтымды пайдалану қағидаларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын орындау, өңірдің мамандануына сәйкес ауылшаруашылығы дақылдарының егіс алаңдары құрылымын ертараптандыру бойынша индикативтік көрсеткіштерді орындау, ғылыми негізделген агротехнологияларды, фитосанитариялық және карантиндік талаптарды сақтау жөніндегі міндеттемелер қамтылуға тиіс.

Конкурстық ұсыныс, "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы беру жағдайларын қоспағанда, беттері нөмірленіп, тігілген түрде, жабық конвертте ұсынылады.

Конкурстық ұсыныста өтінім беруші ұсынған міндеттемелер мен бизнес-жоспар шаруа немесе фермер қожалығын, ауылшаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауылшаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартының ажырамас бөлігі болып табылады.

Сонымен қатар, Конкурстық ұсынысты, "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы беру жағдайларын қоспағанда, конкурсқа қатысушы беттері нөмірленіп, тігілген түрде мөрленген немесе өшірілмейтін сиямен жазылған жабық конвертте ұсынады, конкурстық ұсыныстың соңғы беті жеке тұлғалар (немесе сенімді өкіл) үшін - қатысушының қолымен және заңды тұлғалар үшін - бірінші басшының (немесе сенімді өкіл) қолымен және мөрімен (бар болса) куәландырылады.

Өтінімде және конкурстық ұсыныста қатысушыға грамматикалық және арифметикалық қателерді түзету қажет болған жағдайларды қоспағанда, жолдар арасында ешқандай кірістірмелер, өшірулер немесе қосып жазулар болмауы тиіс.

Конкурстық ұсыныстың жабық конвертінде "шаруа немесе фермер қожалығын, ауылшаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурс" және **2026 жылғы «11 тамызға»** дейін ашуға болмайды" (ашудың нақты күні көрсетіледі) деген сөздер жазылады.

Қосымша ақпарат пен анықтама алу үшін (72832) 2-21-26 телефон арқылы хабарласуға болады.

АҚСУ АУДАНЫНЫҢ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫ МЕН ЖЕР ҚАТЫНАСТАРЫ БӨЛІМІ.

№	Орналасқан жері	Алаңы, га.	Алқап құрамы	Топырақтың сапалық сипаттамасы	Балл бонитеті	Су көздерімен қамтамасыз етілуі	Өңірдің ауыл шаруашылығына мамандануы
1	Қызылагаш ауылдық округі	4,8	Суармалы егістік	Орташа сорпау солтүстік кәдімгі сұр-шалғынды және 10-30 % күшті сорпау солтүстік кәдімгі сұр-шалғынды топырақ, жеңілсаздақты	8	Сумен қамтамасыз ету	Мамандандырылған
2	Қызылагаш ауылдық округі	4,8	Суармалы егістік	Орташа сорпау солтүстік кәдімгі сұр-шалғынды және 10-30 % күшті сорпау солтүстік кәдімгі сұр-шалғынды топырақ, жеңілсаздақты	8	Сумен қамтамасыз ету	Мамандандырылған

ИЗВЕЩЕНИЕ О ПРОВЕДЕНИИ КОНКУРСА ПО ПРЕДОСТАВЛЕНИЮ ПРАВА ВРЕМЕННО-ВОЗМЕЗДНОГО ЗЕМЛЕПОЛЬЗОВАНИЯ (АРЕНДЫ) ДЛЯ ВЕДЕНИЯ КРЕСТЬЯНСКОГО ИЛИ ФЕРМЕРСКОГО ХОЗЯЙСТВА, СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННОГО ПРОИЗВОДСТВА

Ақсуский районный акимат в соответствии со статьей 43-1 Земельного Кодекса Республики Казахстан и Приказа №518 от 20 декабря 2018 года Заместителя Премьер-министра Республики Казахстан - Министр сельского хозяйства Республики Казахстан «Об утверждении Правил организации и проведения конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства», в районной газете «Ақсу өңірі» и интернет-ресурсе Акимата Ақсуского района объявляет о проведения конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

Заявки на участие в конкурсе (конкурсная документация) будут приниматься по истечении 30 календарных дней после публикации, в течении 15 рабочих дней: **с 20 июля по 07 августа 2026 года.** по адресу: (область Жетысу, Аксуский район, село Жансугуров, улица Желтоксан 5Д,) в кабинете №6, отдел сельского хозяйства и земельных отношений Аксуского района.

Прием заявок на участие в конкурсе (конкурсная документация) заканчивается: **07 августа 2026 года, в 18 часов 30 минут.**

Вскрытия конвертов с конкурсной документацией будет проведена

11 августа 2026 года в 10 часов 00 минут (область Жетысу, Аксуский район, село Жансугуров, улица Желтоксан 5) в кабинете заместителя акима Аксуского района.

Заявка на участие в конкурсе по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства должна содержать:

для негосударственных юридических лиц Республики Казахстан – наименование юридического лица, его место нахождения, сведения о государственной регистрации (перерегистрации) в качестве юридического лица, сведения о руководителях и участниках или акционерах заявителя – юридического лица с указанием размера их доли в уставном капитале (от общего размера уставного капитала), сведения об аффилированных лицах заявителя;

для физических лиц – фамилию, имя и отчество (если оно указано в документе, удостоверяющем личность) заявителя, место жительства, гражданство, индивидуальный идентификационный номер, сведения о документе, удостоверяющем личность заявителя;

местоположение земельного участка, на который претендует заявитель;

конкурсное предложение;

обязательства по заключению договора временного возмездного землепользования (аренды) земельного участка сельскохозяйственного назначения для ведения крестьянского или фермерского хозяйства либо сельскохозяйственного производства в течение трех рабочих дней со дня получения уведомления о необходимости подписания указанного договора в случае признания заявителя победителем конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

Заявку на участие в конкурсе по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства могут представлять уполномоченные представители физического лица или негосударственного юридического лица Республики Казахстан на основании доверенности, выданной и оформленной в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

Конкурсное предложение должно содержать:

бизнес-план (прогнозный объем инвестиций, площади возделывания сельскохозяйственных культур, поголовье сельскохозяйственных животных, применяемые агротехнологии, наличие сельскохозяйственной техники и технологического оборудования, квалифицированных специалистов в области сельского хозяйства, количество создаваемых рабочих мест);

обязательства по составлению и освоению проекта внутрихозяйственного землеустройства, выполнению мероприятий по развитию сельскохозяйственной инфраструктуры;

обязательства по исполнению требований земельного законодательства Республики Казахстан, включая правила рационального использования земель сельскохозяйственного назначения, выполнению индикативных показателей по диверсификации структуры посевных площадей сельскохозяйственных культур в соответствии со специализацией региона, соблюдению научно обоснованных агротехнологий, фитосанитарных и карантинных требований.

Конкурсное предложение представляется в закрытом конверте в прошитом виде с пронумерованными страницами, за исключением случаев его подачи посредством веб-портала "электронного правительства".

Обязательства и бизнес-план, предложенные заявителем в конкурсном предложении, являются неотъемлемой частью договора временного возмездного землепользования (аренды) земельного участка сельскохозяйственного назначения для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

В заявке и на конкурсном предложении не должно быть никаких вставок между строками, подтирок или приписок, за исключением тех случаев, когда участнику необходимо исправить грамматические или арифметические ошибки.

В закрытом конверте конкурсному предложению указывается надпись "Конкурс по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства" и "Не вскрывать до: **«11 августа 2026 года»**" (указывается точная дата).

Для получения дополнительной информации и запроса звоните 8 (72832) 2-21-26

ОТДЕЛ СЕЛЬСКОГО ХОЗЯЙСТВА И ЗЕМЕЛЬНЫХ ОТНОШЕНИЙ АКСУСКОГО РАЙОНА.

№	Орналасқан жері	Алаңы, га.	Алқап құрамы	Топырақтың сапалық сипаттамасы	Балл бонитеті	Су көздерімен қамтамасыз етілуі	Өңірдің ауыл шаруашылығына мамандануы
3	Қызылагаш ауылдық округі	12,6	Суармалы егістік	Жай солтүстік кәдімгі сұр және 10-30% толық жетілмеген солтүстік кәдімгі сұр топырақ, жеңілсаздақты	34	Сумен қамтамасыз ету	Мамандандырылған
4	Қызылагаш ауылдық округі	176,7	Жайылым	Ашық шалғынды	9	Қажет емес	Мамандандырылған
5	Қызылагаш ауылдық округі	200,0	Жайылым	Күшті сорпау солтүстік ашық сұр шалғынды	9	Қажет емес	Мамандандырылған
6	Қызылагаш ауылдық округі	211,0	Жайылым	Күшті сорпау солтүстік ашық сұр шалғынды	9	Қажет емес	Мамандандырылған
7	Қарашілік ауылдық округі	153,6	Жайылым	Сұр шалғынды топырақ	10	Қажет емес	Мамандандырылған

"АУЫЛ ҚҰТҚАРУШЫЛАРЫ": ЖЕТІСУДА ТАҒЫ ЕКІ ӨРТ СӨНДІРУ БҰҚЫН ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

құрамның тұруына арналған орын-жайлар, техникаға арналған бокс қарастырылған. Жуырда осындай заманауи өрт сөндіру бекеттері Ақсу ауданында да ашылады, – деді Қ.Алтынбеков.

Жергілікті тұрғындар бұған қатысты ой бөлісті.

– Кеңес заманында біздің ауылда шлакоблоктан салынған ғимаратта орналасқан шағын өрт сөндіру бекеті жұмыс істейтін, онда бір ғана ГАЗ маркалы өрт сөндіру көлігі болған. Бүгінде оның орнында заман талабына сай заманауи өрт сөндіру бекеті салынды. Ауылымыз дамып келеді, жаңа үйлер салынып жатыр, маңайда көптеген шаруа қожалықтары орналасқан. Ал, халық қоныстанған және шаруашылық қызметі қарқынды жүргізілетін жерде түрлі төтенше жағдайлардың, соның ішінде өрттің туындау қаупі әрдайым болады. Сондықтан мұндай нысанның ашылуы өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытындағы маңызды зор болады деп білеміз, – деді Кәлпе ауылының тұрғыны Эдик Малайсаринов.

Жалпы, Кәлпе ауылында ашылған ерікті өрт сөндіру бекеті



маңайдағы үш елді мекеннің – Кәлпе, Қанабек, Қарашеңгел ауылдарының өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Бұл ауылдарда жалпы саны үш мыңға жуық адам тұрады.

Ал, Көпбірлік ауылындағы өрт сөндіру бекеті Көпбірлік, Қарақұм және Ақжар ауылдарының тұрғындарына қызмет көрсетеді. Аталған үш елді мекендегі халық саны шамамен 1740 адам.

Айта кетейік, «Ауыл құтқарушылары» ведомстволық бағдарламасы азаматтық қорғау жүйесін дамытуға, өртке қарсы қызметтің материалдық-техникалық базасын нығайтуға және еліміздің шалғайдағы елді мекендерінде өрт қауіпсіздігі деңгейін арттыруға бағытталған.

Жетісу облысында аталған бағдарламаны іске асыру аясында ауылдық өрт сөндіру бекеттерін кезең-кезеңімен құру жұмыстары жүргізілуде. Мәселен, 2025 жылы осындай нысандар Қаратал ауданының Алмалы және Ескелді ауданының Ақын Сара ауылдарында ашылған болатын. Бұл бекеттердің қызметі өрт пен өзге де төтенше жағдайларда жедел әрекет етуде өз тиімділігін көрсетті.

Кәлпе және Көпбірлік ауылдарында жаңа өрт сөндіру бекеттерінің ашылуы ауылдық аумақтардың қауіпсіздік жүйесін нығайтуға және халықтың өмір сүруіне қолайлы жағдай жасауға бағытталған кезекті маңызды деуге болады.

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

Фотограф:
Жұмабай МҰСАБЕКОВ,
сөндай-ақ, фотоматериалдар Жетісу облысы Төтенше жағдайлар департаменті та-

Оқушылар тағы бір жылды артқа тастады



Биыл да мектептерде жылдағы дәстүрге сай «Сыңғырла соңғы қоңырау» салтанаты өтті. Иә, бұл үнді «соңғы» деп тек оқу жылының сәтті аяқталған күніне арнап айтамыз.

Оқушылар тағы бір жылды артқа тастады. 1 - ші сыныпта үйрену, бейімделу кезеңі еді, 2 - ші сыныпта қалыптасу, төселу болды. Ендігі кезекте міндеті екенін түсініп, қимастықпен жазғы демалысқа аттанып барады. Шеңбер құрып тілек айтып, демалыста қауіпсіздік ережелерін

сақтаудың түрлерімен танысып, сұрақ - жауап әдісі арқылы ойларын ортаға салуда.

Жыл бойғы еңбектері мен білім сапасына қосқан үлестеріне шолу жасалды. Әркім өз деңгейін, білімін, тәртібін, қосымша алған білімін саралап, нәтижесіне қарап болашақта жаңа оқу жылына бұдан да артық дайындықпен келіп, жұлдыздар шеруінің қатарына қосылатындықтарына сөз берді.

Осы сәтте директордың оқу - ісі жөніндегі орынбасары Гүлмира Тынышбекқызы Қасенова өзінің әр сыныпқа жеке - жеке кіріп оқушылардың жетістіктерін елеп, алғыс хаттарын табыстап, өз тілегін жеткізу мақсатында келгенін айтып, оқушыларды ортаға алып ақыл - кеңесін беріп, жігерлендіріп, шабыттандырып бізді де қуанып кетті.

Соңында әр оқушы өз мақсаттарының бар екенін айтып тағы бір таңдандырды. Біз бала ғой әлі деп жүрген балаларымыз мақсат қойып, жоспар құрудан да шебер екендіктерін көрсетті!

Б.ҚАМИЕВА,
«Қ.И.Сәтбаев атындағы
ОМГ» КММ - нің 2 «Б» сынып
жетекшісі

ДІН ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ: ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНДАҒЫ РӨЛІ

Адамзат тарихына көз жүгіртсек, кез келген халықтың болмысын айқындайтын екі үлкен тірек бар екенін байқаймыз. Оның бірі – дін, екіншісі – мәдениет. Бұл екеуі бір-бірінен бөлек емес, керісінше өзара сабақтас ұғымдар. Дін адамның рухани дүниесін қалыптастырса, мәдениет сол рухани құндылықтардың өмірдегі көрінісін бейнелейді. Сондықтан ұлттық құндылықтардың қалыптасуы мен ұрпақтан-ұрпаққа жалғасуында дін мен мәдениеттің орны ерекше.

Қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарының негізінде ізгілік, үлкенге құрмет, кішіге ізет, атананы сыйлау, туыстық байланысты нығайту, қонақжайлық, адалдық пен әділдік секілді асыл қасиеттер жатыр. Бұл құндылықтардың басым бөлігі ислам дінінің тағылымдарымен үндесіп келеді. Өйткені ислам діні адамды ең алдымен көркем мінезге, мейірімділікке және жауапкершілікке тәрбиелейді.

Ұлттық мәдениет – халықтың рухани айнасы. Әр халық өзінің мәдениеті арқылы ерекшеленеді. Қазақ халқы үшін мәдениет тек өнер немесе әдебиет ғана емес, ол – өмір сүру салты, дүниетаным, тәлім-тәрбие мектебі. Бабаларымыздың «Тәрбие – тал бесіктен басталады» деген сөзі ұрпақ тәрбиесіне ерекше мән бергенін көрсетеді. Отбасында берілген тәрбие, үлкендердің өнегесі, ұлттық дәстүрлердің сақталуы – мәдениеттің өміршеңдігін қамтамасыз ететін басты факторлар.

Дін де дәл осы тәрбие мәселесіне айрықша көңіл бөледі. Қасиетті Құранда ата-ананы құрметтеу, жақсылық жасау, аманатқа қиянат жасамау, өтіріктен аулақ болу жөнінде көптеген өсиеттер айтылған. Мұндай құндылықтар халқымыздың дүниетанымымен де қабысып жатыр. Мысалы, қазақ ешқашан жетімін жылатпаған, жесірін қаңғыртпаған, көршісінің жағдайына бейжай қарамаған. Бұл – халқымыздың бойындағы имандылық пен адамгершіліктің көрінісі.

Бүгінгі таңда жаһандану үдерісі әлем халықтарын бұрынғыдан да жақындастыра түсті. Ақпараттық технологиялардың дамуы жастардың дүниетанымына үлкен әсер етуде. Оның пайдалы тұстарымен қатар, ұлттық болмысқа қауіп төндіретін жақтары да жоқ емес. Кейде сырттан келген жат мәдениеттер мен теріс идеологиялар жастардың санасын жаулап, ұлттық құндылықтарға деген қызығушылығын әлсіретіп жатады. Осындай кезеңде дін мен мәдениеттің тәрбиелік мүмкіндігін тиімді пайдалану аса маңызды.

Жастарға ұлттық құндылықтарды дәріптеу тек сөз жүзінде емес, нақты істер арқылы жүзеге асуы қажет. Отбасындағы тәрбие, білім беру ұйымдарының жұмысы, мешіттердің ағартушылық қызметі және мәдени іс-шаралар бір мақсатқа жұмылдырылғанда ғана оң нәтиже береді. Өсіресе жастардың бойына адал еңбек, білімге құштарлық, отансүйгіштік, жауапкершілік секілді қасиеттерді сіңіру – баршамыздың ортақ міндетіміз.

Дін мен мәдениет бір-біріне

қарсы ұғымдар емес. Кейде бұл екеуін бір-бірінен бөлек қарастыратын көзқарастар кездеседі. Алайда тарихымызға назар аударсақ, халқымыз ұлттық дәстүрді де, діни құндылықтарды да қатар ұстанып келгенін көреміз. Ислам діні қазақ даласында ғылым мен білімнің, әдебиет пен өнердің дамуына оң ықпал етті. Халқымыздың көптеген ғұламалары мен ақын - жыраулары өз шығармаларында имандылық пен адамгершілік мәселелерін кеңінен насихаттаған.

Ұлттық құндылықтардың өзегі – рухани тазалық пен адамдық қасиет. Егер қоғамда әділдік, сыйластық, жауапкершілік және бірлік салтанат құрса, ол қоғамның болашағы да жарқын болмақ. Ал мұндай игі қасиеттердің орнығуына дін де, мәдениет те қызмет етеді. Сондықтан жастарымызды ұлттық мәдениетке құрметпен қарап, дәстүрімізді қадірлеуге және діни сауаттылықты арттыруға шақыруымыз қажет.

Қорытындылай келе, дін мен мәдениет – халқымыздың рухани тұтастығын сақтайтын қос қанат іспетті. Ұлттық құндылықтарымызды дамыту мен келер ұрпаққа аманат ету әрқайсымыздың азаматтық әрі рухани борышымыз. Ата-бабадан мирас болып қалған асыл мұраны көздің қарашығындай сақтап, оны заман талабына сай жаңғырта білсек, ұлттық болмысымыз да, рухани тұтастығымыз да нығая түсері сөзсіз.

Анарбай МӘНБЕТОВ,
Ақсу ауданының
бас имамы.

Қайырымдылық жасасаң, қайырымның өзін көресің



Адамның адамға деген таза ниеті, бір біріне деген сүйіспеншілігі мен көмегі қажет. Жақсылық жасау - тәрбиеліктің, имандылықтың, парасаттың айқын көрінісі. «Не берсең де балаға бер, бала үшін жаса», - деген халқымыздың игі дәстүрі қазірге дейін өз жалғасын табуда. Осындай жомарттық танытып, қайырымдылық көрсеткен ақ ниетті жандарға мың да бір алғыс айтамыз!

Атап айтатын болсақ, «Құрбан айт» мейрамының алғашқы күніне орай Ақсу аудандық орталық мешіт имамы А.Тасболатұлы және мешіт ұжымының ұйымдастыруымен орталық алаңда мүгедектігі бар балаларға тегін ойындар ойнатылып, балмұздақтар үлестірілді.

«1-маусым Халықаралық балаларды қорғау күніне орай» үйде арнаулы әлеуметтік қызмет алатын мүгедектігі бар балаларға «Алдияр-2» ФҚ-ның басшысы Таласбаев Асқар Мұхитұлы және «Еламан» ШҚ-ның басшысы Нүсіпақынов Еламан Үсенұлы демеушілік танытып, «Дос» кафесінде дастархан жайылып, мерекелік көңіл күй сыйлады. Сонымен қатар, мерекелік акция ұйымдастырылды. Акция барысында «Jetisy Jastary» КММ-нің филиалы «Aqsu Jastary» мен Ақсу аудандық прокуратурасы бірігіп үйде арнаулы әлеуметтік қызмет алушы мүгедектігі бар балалардың үйлеріне барып тәттілер салынған себеттер мен сыйлықтар табыстады.

Адам ақылды, кішіпейіл, әділ, батыл да қайырымды болуға тиіс. Дүниеде ел алғысына бөленуден артық сый жоқ! Қамқорлыққа зәру жандардың қамқоршысы болып, жылы сөз, жүрек жылуын ұсынып, ізгілік нұрын шашып, сый-сияпат көрсетіп жүрген жомарт жандар қатары көбейе берсе екен дейміз. Сондықтан қайырымды болуға, мейірімді болуға барынша тырысайық!

Әсел УТЕУЛИНА,
«Ақсу ауданының үйде қызмет көрсету жайында
арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы» КММ-нің
мүмкіндігі шектеулі балалар бөлімінің әлеуметтік жұмыс

ҚЫСТЫҢ ҚАМЫН – ЖАЗ ОЙЛА!



Құрметті Ақсу ауданының тұрғындары!

Алдағы 2026 - 2027 жылдың қыс мезгілінің ерте түсуіне байланысты жылыту маусымына дайындық шараларын жүргізу аясында, күз айларында жылу беру кәсіпорындарына көмірді жеткізу жұмыстары атқарылады, ол коммуналды - тұрмыстық көмірді тасымалдаушы вагондар санының, қысқаруына әкеп соғады. Осыған орай, жылыту маусымында көмірдің жетіспеушілігін және әлеуметтік шиеленісті болдырмау мақсатында, Ақсу ауданының әкімдігі қатты отынның қажетті мөлшерін көмір тұйықтары мен қоймаларынан алдын - ала жаз - күз мезгілінде сатып алу керектігін ескертеді.

«Аудандық тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесі.

"АҚСУ Өңірі"

Меншік иесі - ЖШС

"Ақсу өңірі" газеті

Құрылтайшы, директор -

бас редактор

ҚАСЫМБЕКОВА ЛӘЗЗАТ

ҚАЛМҰХАМБЕТҚЫЗЫ

Газет Қазақстан

Республикасы

Инвестициялар және

Даму Министрлігі

Байланыс,

ақпараттандыру және

ақпарат комитеті

2015 жылы 16 қараша

айында есепке қойылды.

Күзлік №15701-Г

Газет бетінде жарияланған мақалалар
авторының пікірі редакция көзқарасы болып
табылмайды. Мақалалар өңделеді, авторға
қайтарылмайды.

Жарнама, хабарландырулар, арнау,
құттықтаулардың мазмұны мен мәтініне
жарнама беруші жауапты.

Газет қазақ тілінде аптасына бір рет,
жұма күні шығады.

БІЗДІҢ

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:

Жетісу облысы, Ақсу

ауданы, Жансүгіров ауылы,

Желтоқсан көшесі, №5 "В",

аудандық әкімшілік үйінде

Тапсырыс 488

Осы шығарылымның

таралымы 2537



Директор - бас редактор

- 2-12-90,

жауапты хатшы

- 2-12-90.



Электрондық пошта:

aksuoniri@mail.ru

Газеттің ресми сайты

aksuoniri.kz

Индекс: 65750

Офсеттік басылым көлемі 26 т.